Алтайқызы Айкерімнің
«6D-020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған **«Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі»** атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменінің мәнін, ерекшеліктерін, мазмұнын, теориялық, әдістемелік, тұжырымдамалық және дінтанулық негіздерін жан-жақты қарастырады. Диссертациялық жұмыста білімнің зайырлы табиғатын ескере отырып, мемлекеттік оқу орындарындағы дін туралы білімнің қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылады. Қазақстан мен АҚШ-тағы білім мекемелерінде дінді оқытудың заңнамасы мен тәжірибесіне салыстырмалы талдау жасалды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмысқа дейін отандық ғылым саласында Қазақстан Республикасының діни білім беру жүйесі мен Америка Құрама Штаттарының діни-ағартушылық жүйесін салыстыру арқылы зерттеу жұмысы жүргізілмеген. АҚШ Қазақстан сияқты зайырлы, көпұлтты, демократиялық мемлекет болып табылады және де ол – аталмыш мемлекеттік сипаттар бойынша алдыңғы қатардағы, барынша жетік үлгіге жеткен ел. Сол себепті Қазақстан үшін постмодерн дәуіріндегі діни білім беру институтын тиімді даму жолына қою үшін американдық тәжірибені зерттеу, оның артықшылықтарын талдау өзекті ғылыми тақырыптар қатарында.

Өзін-өзі сәйкестендірудің (өзін-өзі дүниетанымдық, мәдени, этникалық және т.б. тұрғыдан идентификациялаудың) механизмі ретінде діншілдіктің өсуі қоғамда айрықша орын алып отыр, сол себепті діни дәстүрдегі құндылықтық негіздер мен рухани мәндерге, діни білім беруде пайдаланылатын мәдени өндірістің үлгілері мен тәсілдеріне қызығушылық туып отыр. Постмодерн дәуіріндегі көппарадигмалы әлеуметтік шындықта тарихи сабақтастығы бар өзіндік аксиологиялық бағдарларды іздеу аса маңызды болып табылады. Болашақ ұрпақтардың құндылықтық бағдарлары мен дүниетанымдарын қалыптастыруға діннің әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсерін конфессиялық элиталарды қалыптастырудың нысандары мен құралдары ретінде діни конфессиялар мен бірлестіктердің білім беру парадигмасының аксиологиялық өлшемін қарастырусыз түсіну мүмкін емес.

XX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы радикалды қоғамдық-саяси өзгерістер діннің күшеюіне, оның қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілеріне, оның ішінде білім беру саласына ықпалының күшеюіне әкелді. Бұл мәселені қарастыру тек діни білім беру саласымен байланысты емес, сонымен қатар оның әлеуметтік, саяси және тарихи астарлары бар. Осыған қарамастан, қалыптасқан тарихи шындықты ескере отырып, білім берудің жаңа

дифференцияланған стратегиясын әзірлеу және эксперименттік түрде енгізу қажет. Қазіргі уақытта діни және дінтанулық білімді зерттеудің философиялық тұжырымдамасын құрастыру өзекті болып табылады. Себебі мұндай тұжырымдама постмодерн дәуіріндегі қазақстандық және әлемдік тәжірибені қарастыруға ғана көмектеспей, біздің қоғам үшін діни және дінтанулық білім берудің деңгейі мен мәнін анықтауға мүмкіндік тудырады, сонымен қатар оның болашақтағы өзгеру үрдістеріне болжам жасауға ықпалын тигізеді.

Сондай-ақ зерттеу тақырыбының өзектілігі постмодернистік полимәдениетті қоғамдағы білім алушыларды рухани-өнегелік тұрғыдан тәрбиелеу мәселесінің маңыздылығымен байланысты. Жастардың рухани-өнегелік даму деңгейіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – дін, оның адамгершілік құндылықтары студенттердің рухани білім беру қағидаттарын дамытуға негіз бола алады.

Диссертацияның ғылыми зерттелу деңгейі. Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені мен оның негізгі мәселелерін зерттеу үшін философия, дінтану және исламтану салаларындағы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар көне дәуірдегі ғылыми ойларға сараптама жасалды.

Діни білім берудің мәніне тұжырымдамалық анықтама бергендер – М. Элиаде, Н. Смарт, М.Гриммит, А.Ф. Козырев, И.В. Понкин сынды бірқатар ғалымдар. Ал әл-Ғазали болса, дін мен ғылым-білімнің арасындағы байланысты түсіндіре отырып, діни білім берудің мағынасын ашады, білім сөзіне анықтама береді және ойлаудың өмір бойғы азық болатындығы туралы пікір қалдырады.

Діни білім берудің рухани және өнегелік маңыздылығы мәселесіне келетін болсақ, қазақ философиясының классигі Абай Құнанбайұлының еңбектерін айтамыз. Түркі дәуірінің ғұламалары Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи да хақты тану жолында білімнің орны туралы көзқарастар білдіреді, ал Жалаладдин Руми адам болмысына тән білімнің қайнаркөздері туралы айтады. Сол дәуірдің ойшылдары Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А. Жүгінеки діни білім беруді зерттеуде ғылыми-философиялық құнды материалдар қалдырды. Э.Н. Наджип түркі ғылымының қалыптасуы жайлы жазады. Батыстық ғалымдар А.Д. Манеа, Е. Эриксон діни білім берудегі гуманистік көзқарасты талқылайды, И.Кеплер болса, ақиқатқа жету үшін оқудың, ізденудің, зерттеудің қажеттілігін анықтайды.

Діни білім беруді әлеуметтік-мәдени феномен ретінде зерттеуде С.Н. Булгаковтың, П.А. Флоренскийдің, И. Канттың, С.Л. Франктың, К. Доусонның, К.Гирцтің, К.П. Победоносцевтің, К.Д. Ушинскийдің еңбектері арқау бола алады. Ал халықаралық діни білім берудегі халықаралық тәжірибені зерттеу үшін У.Ч. Каппстың, Л.Х. Брэдлидің, Д. Муленнің, Х. Аданалидің жұмыстары бар.

Қоғамдағы дінаралық төзімділікті қалыптастыру үшін діни білім беру мен діни сауаттылық не себепті маңызыды деген сұраққа жауап беру үшін А.Ю. Григоренко, Д.Э.Вуд, Л.И. Сосковец, Дж.Дьюи, В.А.Никитин, К.

Уолтер, Е.М. Мамардашвили, В.С. Уфаева, Н.В.Громыко, Т. Сакаранахо, И.В.Метлик, Д. Узланер, Ф. Бэкон есімді зерттеушілердің еңбектері ғылыми негіз бола алады.

Білім мен ғылым саласы үшін постмодерн дәуірінің ерекшеліктерін сараптауда Ж.Ф. Лиотардың, А. Маслоудың, Дж.Ваттимоның зерттеулері арқау бола алады. Американдық теоретик И. Хассан постмодернизмнің мәдениеті туралы зерттеді, Ж. Бодрийяр постмодернизмдегі гиперреализм тұжырымдамасын жасады, Ж. Батай постмодернизмдегі «трансгрессия», «әртектілілік» туралы жазды, ал С. Бенхабиб постмодерн дәуірінде жаһандану үдерісіндегі теңдік пен әртүрлілікті сипаттады. Сонымен қатар постмодерн заманына тән зайырлы қоғамды біріктірудегі діни білім берудің орнын Ф. Мишель, И. Савин, А.Г. Косиченко, С. Родней, У.М. Дэймон, Г.Д. Дмитриев және т.б. ғалымдар анықтады.

Ислами білім берудің феноменін анықтаған, ондағы замануи үрдістерді және Қазақстандағы, халықаралық тәжірибедегі ислами білім орталықтарының мәнін зерттеген, ислами білім берудің кемел тұлғаны қалыптастырудағы рөлі мен оның коммуниктивтік маңыздылығын қарастырған ғалым болып Н.Л. Сейтахметова табылады. Сондай-ақ мұсылмандық білім саласындағы қазақстандық тәжірибені зерттеуде Ә. Дербісәлі, А. Әбдірәсілқызы, Р.М. Мустафина, Н.Ж. Байтенова, Е.Е. Бурова, Б.М. Сатершинов, Д.Т. Кенжетай, Г. Ж. Нұрышева, Қ.М. Борбасова, А.Р. Масалимова, А.Д. Курманалиева, А.Т. Құлсариева, К.К. Бегалинова, Т.Х. Ғабитов, Р.С. Мұхитдинов, Ш.С. Рысбекова ғылыми жұмыстар жазған, олардың деректері отандық діни білім беру жүйесін жетілдіруге байланысты зерттеулер жасау барысында ғылыми негіз бола алады.

Тарик Рамадан қазіргі заманғы батыстағы ислам дінінің орны және әлеуметтік мәселелері, оның ішінде білім тақырыбы туралы зерттеді. Ал Тауфик Ибраһим болса, Құрандағы төзімділік мәселесін және оның ислами ойлардағы алатын орнын зерттеді.

Ислами білім берудегі кемелдік жолы, үздіксіз білім, жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу мәселелерінде А.Р.Арафи, Э.Р. Кулиев, Б.А-И.Аз-Зарнуджи сынды ғалымдардың зерттеулері құнды. Ал ислами білімдегі зияткерлік пен әртарапты ағатаушылық сұрақтары бойынша Ван Дауд [77], М.А. Рауф, А.Л. Тибави, Г. Макдиси, О. Леаман, Г. Сартон, Г.Э. Грюнебаум, А.В. Смирнов, З. Сардар, С. Мир-Багирзаде жұмыстар жазды.

Ислами білімнің өмірдің мәнін түсінудегі ерекшеліктерін Мұхаммед әл-Хорезми, Қ.З. Мухаммад, А. Усман зерттеді және де ондағы ислам оқу орындарының рөлін А.Б. Халидов, С. Камю, Ж.П. Сартр сияқты мамандар қарастырды.

Зерттеудің нысаны: постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені.

Зерттеу пәні: постмодерн дәуіріндегі діни білім беруді жетілдіру үрдісі.

Зерттеудің мақсаты: постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменін Қазақстан және АҚШ тәжірибелерін салыстыра отырып сараптау.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** алға қойылады:

- постмодерн дәуіріндегі діни білім берудің плюралистік және толеранттық сипатын ашу;

- діндарлық пен зайырлылықтың органикалық тепе-теңдігін онтологиялық тұрғыдан ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи қайта құру (реконструкция);

- діни білім берудің дискурстары мысалында діни білім берудегі рухани-өнегелік императивті анықтау;

- қазақстандық көпдінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігін айқындау;

- постмодерн дәуіріндегі діни-ағартушылық процестің ерекше және әмбебап дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізу;

- діни білім беру процесі барысындағы дүниетанымдық бағдарларды сараптау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесін анықтау;

- діни білім діни экстремизмнің алдын-алу кезінде қолданылуы керектігін және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мазмұнын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігін дәлелдеу.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу барысында ислами білім беру мәнмәтінінде постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феноменіне пәнаралық сараптама жасалды, сондай-ақ ғылыми жұмыс нысанына айналған Қазақстан мен АҚШ тәжірибесіндегі діни білімнің қызметі мен мәні анықталды.

Диссертация барысында жаңашылығы бар келесі **ғылыми нәтижелерге** қол жеткізілді:

1) постмодерн дәуіріндегі діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипаты ашылды;

2) діндарлық пен зайырлылықтың органикалық тепе-теңдігін онтологиялық ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи қайта құру (реконструкция) турасында тұжырым ұсынылды;

3) діни білім берудің дискурстары мысалында діни білім берудегі рухани-өнегелік императив анықталды;

4) қазақстандық көп дінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігі айқындалды;

5) постмодерн дәуіріндегі діни-ағартушылық үрдістің ерекше және әмбебап дамуын айқындау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді;

6) діни білім беру процесі барысындағы дүниетанымдық бағдарларды сараптау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесі анықталды;

7) діни білім діни экстремизмнің алдын-алу кезінде қолданылуы керектігі және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы мазмұнын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігі дәлелденді.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні. Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер дінтану және исламтану салаларында жаңа зерттеулер

жүргізу үшін қолдануға болады. Зайырлы оқу орындарына діни компонентті енгізудің мазмұны мен түрлері туралы материалды ғылыми айналымға қосу мүмкіндігі туды.

Әріптестік қатынастар мен мәдени диалог, азаматтық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізін білім алушылардың бойында қалыптастыру мақсатымен оқу орындарында діни дүниетаным мен діни тәжірибелердің элементтерін енгізу бойынша американдық тәжірибені қолдану мүмкіндіктеріне сараптама жасалды, ол мультимәдени білім беру теориясын дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Исламтану және дінтану мамандықтары бойынша арнайы пәндерді құрастыру үшін дереккөзі ретінде қолданылуы мүмкін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында діни және ислами білім беру мәселесі бойынша мемлекеттік органдар тәжірибелік ұсыныстар таба алады.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі: Діни білім беру феномені сараптамасы бойынша шетелдік және отандық, сондай-ақ замануи үрдістер жағдайындағы діни білімнің қажеттілігі мен мүмкіндіктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың еңбектері табылады.

Діни білім беру феноменін ашу барысында алға қойған мақсатқа жету үшін институционалды, нақты тарихи, жүйелі, құрылымдық-фунционалдық және компаративистикалық талдаудың әдіснамалық тәсілдері, сондай-ақ феноменологиялық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар диссертациялық статистикалық мәліметтер келтірілді.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

1) Постмодерн дәуірі діни білім берудегі жаңа үлгіні (модус) анықтады: плюралистік, толерантты білім. XXI ғасырда көптеген жаңа діни ағымдар пайда болғандықтан, діни білім берудің классикалық тәжірибелерін қайта қарау қажеттілігі туындады. Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру классикалық және постбейклассикалық білім теориялары мен тәжірибелерін қамтитын сызықты емес дискурс болып табылады.

2) Қазіргі заманғы діни білім беру өзінің болмысында бар діндарлық пен зайырлылықтың тепе-теңдік әлеуетін (мүмкіндігін – потенциалын) жүзеге асырады. Діни білімнің даму тарихы әрдайым зайырлылыққа деген ниеттің (интенция) болғанын көрсетеді.

3) Негізгі мазмұны тұрғысынан келгенде діни білім беру – рухани және өнегелік мәселесі бойынша басқа білім беру теориялары мен тәжірибелерінен асып түседі.

4) Қазақстандағы діни білім беру ерекше құбылыс (феномен) болып табылады, өйткені ол қазақ ағарту дәстүрін және постмодерн дәуіріндегі жаңа шынайы трансформацияларды (өзгерістерді) біріктіреді.

5) Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру институты постмодерн дәуіріндегі діннің ортақ, ұқсас өзгеру (трансформация) үдерістеріне қарамастан, дүниетанымдық негіздері тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленеді. Қазақстанда діни білім беру институты ғылыми-философиялық және мәдениеттанулық мазмұндарды қоса отырып, классикалық білім беру

аясында жұмыс атқарады. Америка Құрама Штаттарында діни білім беру институты постмодерндік, плюралистік контексте, қатал парадигмалардан тыс дамуда.

6) Діни білім мәртебесі оның орнығуы, яғни институционализацияға тікелей байланысты. Қоғамды модернизациялау діни білім беру саласын «зайырландырады», бұл жекелеген (әсіресе) діни елдерде фундаментализмнің пайда болуына әкеледі. АҚШ-та діни білімнің мәртебесі бар, бірақ оны мемлекет қатаң қадағаламайды, білім беру бағдарламалары балама болып табылады, бұндай құбылыс заманның рухын көрсетеді. Қазақстанда ислами білім беру мысалына негізделген діни білім беру институты ислам дәстүрі мен ислами бірегейлікті сақтаудағы маңызды құрал болып табылады.

7) Тек сапалы діни білім ғана діни экстремизмге қарсы әрекет ететін институт болып табылады. Постмодерн ахуалында радикализм мен экстремизмге нөлдік төзбеушілікті қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге діни білім беруді оқытудың жаңа бағдарламаларын, әдістерін құрастыру және оларды іс жүзінде қолдануды жүзеге асыру қажет.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы мен ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының ортақ отырысында талқыланып қорғауға рұқсат берілді.

Зерттеудің аясында он ғылыми мақала жарық көрді. Оның екеуі «Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналында, біреуі «әл-Фараби» әлеуметтік-гуманитарлық журналында жарияланды. ҚазҰУ хабаршысының дінтану сериясында бір мақала, «Қазақстанның жаңғыруының өзекті мәселелері», «Қазіргі қоғамда діннің болмысының философиялық және әлеуметтік-гуманитарлық мәселелері», «Беларустің интеллектуалдық мәдениеті: философияның әдістемелік капиталы және білімнің пәнаралық синтезінің қырлары», «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігінің қалыптасуының рухани қырлары», «Қазақстандық бірегейліктің қалыптасуы: мәселелері мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында жарық көрді. Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген «European Journal of Science and Theology» атты журналда бір мақала жарияланды. Сонымен қатар «Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» атты ұжымдық монографияда бір тарау «Діни білім берудің рухани және ұлттық қауіпсіздіктегі рөлі» тақырыбында материал басылып шығарылды.

Диссертацияның құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы жоспарға, қойылған міндеттер мен мақсатқа сәйкес кіріспеден, төрт негізгі бөлімнен, он екі тараушадан, қорытынды бөлімі мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық еңбектің жалпы көлемі 123 бетті құрайды.